

Мәртке аудандық білім
бөлімінің басшысы
А.С.Есмаев
« 02 » 19 2024 ж

ЖШС «Аслан-Али»
«Еркемай» балабақшасы
Н.Р.Жұмаев
« 29 » 19 2024 ж

ЖШС «Аслан –Али»

«Еркемай» балабақшасының

2024-2025 оқу жылының оқу жұмыс жоспары

ТҮСІНІК ХАТ

Оқу жоспарының мазмұны «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпығаміндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген (бұдан әрі – Стандарт) Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартын іске асыруда.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 15 наурыздағы №137 қаулысымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды дамыту моделі (бұдан әрі – Модель) бекітілді [1]. Аталған Модельді іске асыру асыру әр баланың жас және жеке ерекшеліктерін ескере отырып, оқу жоспарлары мен бағдарламаларының икемділігін қамтамасыз ету арқылы педагогикалық процесті жетілдіру арқылы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнын трансформациялауға бағытталған. Моделді іске асыру шеңберінде Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (бұдан әрі – Стандарт) [2], Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 9 қыркүйектегі № 394 бұйрығымен Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарлары [3] және Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 14 қазандағы №422 бұйрығымен Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы (бұдан әрі – Үлгілік бағдарлама) [4] мазмұны қаралып бекітілді.

ЖСШ «Аслан –Али Еркемай» балабақшасының 2024 -2025 оқу жылында 5 топ жұмыс жасайды

Кіші топ (2 жастан бастап) -1топ

Ортаңғы топ (3 жастан бастап) - 2топ;

Ересек топ (4 жастан бастап) – 1 топ.

МАД топ (5 жаста бастап) – 1 топ

Оқыту және тәрбиелеу жұмыстары қазақ тілінде жүргізіледі .

2024- 2025 ж оқу жоспары педагогикалық кеңесте қаралып(хаттама № 29.08.2024 ж) бекітілді.

Вариативтік компонент жүктемесін игеру мақсатында адаптивтік бағдарламалар алынды.

Вариативтік компонент: «Ертөстік» ортаңғы тобы «Абайла, балақай!»
бағдарламасы аптасына 1 сағат, барлығы 36 сағатқа арналған. Бағдарлама балалардың ортаңғы топ жас ерекшеліктеріне бейімделіп жасалған.

Бағдарламаны оқыту төмендегідей мақсаты мен міндеттеріне жетудің қажеттілігін қамтамасыз етеді.

Бағдарламаның мақсаты: балаларды қоршаған айналамен таныстыра отырып, жол ережелерін тереңірек ұғындырып, оны күнделікті өмірде сақтап, қауіпті жүрулеріне ықпал ету.

Жалпы жол белгілерімен таныстыруды жалғастыру, жол белгілерін айыра білу дағдыларын қалыптастыру. Іс жүзінде қолдануға қызығушылықтарын арттыру, жолда жүру тәртібін сақтауға тәрбиелеу. Жаяу мен көліктің байланыс қатынасын үйрету және сөздік қорын байыту.

Вариативтік компонент: «Зере» ортаңғы тобы «Ғажайып ертегілер»
бағдарламасы аптасына 1 сағат, барлығы 36 сағатқа арналған. Бағдарлама балалардың ортаңғы топ жас ерекшеліктеріне бейімделіп жасалған.

Бағдарламаны оқыту төмендегідей мақсаты мен міндеттеріне жетудің қажеттілігін қамтамасыз етеді.

Бағдарламаның мақсаты: мектеп жасына дейінгі балалардың шығармашылығын театралдық көрінісі, сахналау, ойын арқылы дамыту.

Вариативтік компонент: «Көбелек» ересек тобы «Ертегілер елінде»
бағдарламасы аптасына 1 сағат, барлығы 36 сағатқа арналған. Бағдарлама балалардың ортаңғы топ жас ерекшеліктеріне бейімделіп жасалған.

Бағдарламаны оқыту төмендегідей мақсаты мен міндеттеріне жетудің қажеттілігін қамтамасыз етеді.

Бағдарламаның негізгі мақсаты:

Коммуникативтік дағдыларды дамыту –тілдік құзыреттілігін қалыптастыруға бағытталған.

Балаларды театр түрлерімен, халық ауыз әдебиетіндегі кейіпкерлермен таныстыру.

Мектеп жасына дейінгі балаларға сапалы білім беру, қабілеттерін жетілдіру

арқылы жан-жақты тұлға етіп тәрбиелеу.

Диалог түрінде сөйлеу, ымдау, есте сақтау қабілеттерін, шығармашылығын дамыту болып табылады.

Міндеті:

- Театрланған ойын-шығармашылығын дамыту бағдарламасы
- бойынша танымдық ойлау қабілеттері мен сөздік қорларын дамыту.
- Бағдарламада қамтылған тақырыптарға жеке тоқталып, балаларды
- адамгершілікке, қайырымдылыққа, мейірімділікке, батылдыққа тәрбиелеу.
- Кейіпкерлердің жағымды жақтарын үлгі ете отырып сыпайылыққа баулу.
- Бұл бағдарламаның білімділік міндеті - саналылыққа, білімділікке баулу.

Күтілетін нәтиже

Театрлық ойын шығармашылығын дамыту бағдарламасы арқылы балаларға адамгершілік, рухани тәрбие беріледі.

Білімдері толықтырылып, жыл соңында театр түрлерімен толық танысады, жауапкершіліктері қалыптасады

Вариативтік компонент: «Жұлдыздар» МАД тобы «Ғажайыптар әлемі» бағдарламасы аптасына 1 сағат, барлығы 36 сағатқа арналған. Бағдарлама балалардың ортаңғы топ жас ерекшеліктеріне бейімделіп жасалған.

Бағдарламаны оқыту төмендегідей мақсаты мен міндеттеріне жетудің қажеттілігін қамтамасыз етеді.

Мақсаты:

- Мектепке дейінгі жастағы баланы театр түрлері арқылы шығармашылық және парасаттылық қабілеттерін жан-жақты дамыту. Әр түрлі ертегілер балалардың қызығушылықтарын арттырады және олардың тілдерін дамытады.

- Сөз өнерін қастерлей білуге, өз білімін көтеруге, шешендікке баулу;

- Балалардың сөздік қорларын байытып, жақсыдан үйреніп, жаманнан жиренуге тәрбиелеу;

- Театрлық іс-әрекетті ертегілерді пайдалана отырып- ойын дамыту.

Міндеттері:

- Балалардың тілін дамыту, сөйлеу мәдениеті мен ой-өрісін, дүниетанымын жетілдіру;
- Балаларды адамгершілікке баулу, ойын нақты тапқыр сөйлеуге, ақылды, салмақты ой айтуға баулу;
- Баланың қиялын, есте сақтауын шығармашылық қабілетін дамыту, ойдан әңгіме, ертегі шығарып айтуға дағдыландыру;
- Баланың әлеуметтік және эмоционалдық дамуына жағдай жасап, әр баланың жеке дара әртістік, шығармашылық қасиеттерін ескере отырып, өзін қоршаған ортаға, адамдарға, құрбыларына, өзіне деген қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру;